

Аягөз аудандық мәслихатының кейбір шешімдерін жою туралы

Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 12/208-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабының 2 тармағына сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының келесі шешімдері жойылсын:

1) "Аягөз ауданы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 маусымдағы №24/170-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 қазандағы №8/126-VII шешімі;

2) Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 маусымдағы №№24/170-VI "Аягөз ауданы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы Аягөз аудандық мәслихатының 2023 жылғы 2 тамыздағы №5/63-VIII шешімі.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аягөз аудандық мәслихатының төрағасы :

А. Ибрайшин